**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2000 жылғы 15 ақпандағы төртінші мәжілісінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 420

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі үдемелі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2000 жылғы 15 ақпандағы төртінші мәжілісінің хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралардың жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
21 наурыздағы N 420
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы

Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2000 жылғы 15 ақпандағы төртінші мәжілісінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

| N р/с | Іс-шара | Орындау мерзімдері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық Комиссияның үшінші мәжілісінің шешімдерін іске асыру бойынша: | | | |
| | Отын-энергетикалық кешен саласында | | |
| 1 | Атырау - Самара мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына 15 млн. тоннаға дейін кеңейтудің жобасын іске асыруды жеделдету: | | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| | 1) Аталған мұнай құбыры бойынша тасымалдау үшін Қазақстан мұнайының балансын Ресей тарапына беру; | 2000 жылдың 31 наурызына дейін | |
| | 2) Жоғарыда көрсетілген жобаны қаржыландыру туралы мәселені пысықтау | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | |
| 2 | Астана қаласын Ресей мен Қазақстанның аумағындағы газ көздерінен газбен қамтамасыз етудің нұсқаларын пысықтау | 2000 жылдың 1 маусымына дейін | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | "Газпром" ашық акционерлік қоғамына Орынбор газ зауытында қайта өңдеу үшін Қарашығанақ кен орнынан көмірсутегі шикізатын берудің жылдар бойынша бөлінген 2001-2004 жылдарға арналған көлемі | 2000 жылдың 15 наурызына дейін | "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша деректерді беру | | |
| 4 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынты. мақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның (бұдан әрі - Комис. сия) бесінші мәжілісінде қарау үшін Каспий құбыр төсеу концор. циумы (ҚҚК) жобасының іске асыры. луының барысы туралы ақпарат дайындау | 2000 жылдың 1 қазанына дейін | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 5 | Комиссияның мәжілісінде қарау үшін Қазақстан аумағында атом электр стансасын салу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу | 2000 жылдың 1 қазанына дейін | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 6 | Екі мемлекеттің заңдарына сәйкес "ҮМЗ" ААҚ мен "ТВЭЛ" ААҚ-ның арасында өзара акция. лар алмасу туралы мәселені шешу | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | "Қазатомөнеркәсібі" ұлт. тық атом компаниясы (ке. лісім бойынша), Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 7 | Қазақстан мен Ресейдің уран кені мен уран шикізатын шығару және өңдеу жөніндегі кәсіпорындарының кооперациялық байланыстарын қал. пына келтіру жөніндегі техника. лық-экономикалық негіздемелерді дайындау үшін мүдделі мемлекет. тік органдардың өкілдерінен жұмыс тобын құру | 2000 жылдың 15 наурызына дейін | "Қазатомөнеркәсібі" ұлт. тық атом компаниясы (ке. лісім бойынша), Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 8 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тантал және ниоби өнімдерін өндіру және пайдалану саласындағы кәсіпорындары мен ұйымдарының ынтымақтастығын кеңейту жөніндегі нақты іс-шара. | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | "Қазатомөнеркәсібі" ұлт. тық атом компаниясы (ке. лісім бойынша), Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |

```
   ларды дайындау
----------------------------------------------------------------------
                    Көлік саласында
----------------------------------------------------------------------
9  Екі елдің кемелерімен Ертіс      2000 жылдың   Көлік және коммуникация.
   өзені бойынша жүктер мен жолаушы.1 шілдесіне   лар министрлігі
   ларды тасымалдауды ұйымдастыру     дейін
   мен оның шарттары туралы үкімет.
   аралық келісімнің жобасын мемле.
   кетішілік келісуді аяқтау
----------------------------------------------------------------------
10 Халықаралық автомобиль қатынасы  2000 жылдың   Көлік және коммуникация.
   туралы үкіметаралық келісімнің   1 қазанына    лар министрлігі
   жобасын дайындау және келісу       дейін
----------------------------------------------------------------------
11 Қазақстан мен Ресейдің көлік ми. 2000 жылдың   Көлік және коммуникация.
   нистрліктері басшыларының 2000   1 шілдесіне   лар министрлігі
   жылғы 28-29 қаңтарда болған, екі    дейін
   елдің арасында жүктердің автомо.
   биль, теңіз және өзен жолдары
   арқылы тасымалдауларды дамытуға
   және олардың аумақтары арқылы
   транзитке байланысты мәселелер
   кешенін шешуге бағытталған жұмыс
   бабындағы кездесулері барысында
   қол жеткізілген уағдаластықтарды
   іске асыру жөніндегі іс-шаралар.
   дың жоспарын дайындау
----------------------------------------------------------------------
12 1. Екі елдің кеме жасау зауыт-да 2000 жылдың   Көлік және коммуникация.
   Қазақстан үшін танкер флоты құ.  15 наурызына  лар министрлігі,
   рылысын қаржыландырудың көздерін    дейін      Энергетика, индустрия
   айқындау жөнінде ұсыныстар                     және сауда министрлігі,
   дайындау                                       Қаржы министрлігі
   2. Аталған мәселе бойынша Ресей. 2000 жылдың
   дің Экономика министрлігімен,    1 шілдесіне
   Қаржы министрлігімен және Көлік     дейін
   министрлігімен келіссөздер жүргі.
   зу
```

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жайық өзенінде және Жайық-Каспий каналында судың түбін тереңдету жұмыстарын қаржыландыру мен жүргізу, сондай-ақ Ресей кәсіпорындарының Қазақстан үшін техникалық флот кемелерін беруі мәселелері жөнінде келісілген ұсыныстар енгізу | 2000 жылдың 1 сәуіріне дейін | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 14 | Трансазия теміржол магистралінің Солтүстік дәлізі бағытын пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындау және 2000 жылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жұмыстың нәтижелері туралы Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасын хабардар ету | 2000 жылдың 10 шілдесіне дейін | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| | Әртүрлі мәселелер | | |
| 15 | Ресейдің Мемлекеттік кеден комитетімен Ресейден "Байқоңыр" кешеніне апарылатын және "Байқоңыр" кешенінен Ресейге әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың жеңілдетілген тәртібі туралы 1998 жылғы 6 мамырдағы келісімге толықтырулар туралы хаттамаға қол қою | 2000 жылдың 1 сәуіріне дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 16 | Комиссияның бесінші мәжілісінің өткізілуі кезінде Бағдарламаның бекітілуі мақсатқа сәйкес келетіндігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев пен Ресей | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | Білім және ғылым министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |

Федерациясының Үкіметі Төраға.
сының бірінші орынбасары М.М.
Касьяновтың келіссөздерінің
қорытындылары жөніндегі 2000
жылғы 19 қаңтардағы хаттаманың
(7-тармақ) ережелерін ескеріп,
Ғылым және техника саласындағы
қазақстан-ресей ынтымақтастығы
бағдарламасына енгізу үшін нақты
жобаларды келісу

---------------------------------------------------------------------------

17 Комиссияның үшінші мәжілісі ше.  2000 жылдың   Ауыл шаруашылығы министр.
шімдерінің орындалуын қамтамасыз 15 наурызына  лігі, "Азық-түлік келі.
ету мақсатында Қазақстан Респуб.     дейін     сім-шарт корпорациясы"
ликасының бұрынғы Торғай облысы               жабық түрдегі акционерлік
кәсіпорындарының "Росконтракт"                қоғам (келісім бойынша)
ҚКК және "Роснефть" МК алдындағы
қарыздарын өтеу жөнінде ұсыныстар
дайындау

---------------------------------------------------------------------------

2. 1999 жылғы 24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы аймақтарының 1999-2007 жылдарға арналған шекара
маңындағы ынтымақтастығы бағдарламасына іс-шаралар бойынша

---------------------------------------------------------------------------

18 Шекара маңындағы ынтымақтастық   Тұрақты      Энергетика, индустрия
бағдарламасын іске асыру жөнін.              және сауда министрлігі
дегі іс-шаралардың орындалуына
бақылау жасауды жүзеге асыру

---------------------------------------------------------------------------

19 2000 жылғы мамыр-маусым айларын. 2000 жылдың  Сыртқы істер министрлігі,
да Орынбор қаласында өтетін Ше.  1 сәуіріне   Энергетика, индустрия
кара маңындағы ынтымақтастық жө.   дейін      және сауда министрлігі
ніндегі шағын комиссияның мәжілі.
сіне дайындалу. Дайындықтың бары.
сы туралы Комиссияның қазақстан.
дық бөлігінің төрағасын хабардар
етіп отыру

---------------------------------------------------------------------------

3. 1998 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру бойынша

---------------------------------------------------------------------

20 2000 жылы Бағдарламаны орындау   Тоқсан сайын Экономика министрлігі
   жөніндегі іс-шаралардың жоспарын
   іске асыруды қамтамасыз ету және
   оның орындалу барысы туралы Ко.
   миссияның қазақстандық бөлігінің
   төрағасын хабардар етіп отыру

---------------------------------------------------------------------

21 Халықаралық трансұлттық құрылым. 2000 жылдың   Экономика министрлігі,
   дардың және қаржы өндірістік     1 сәуіріне    Сыртқы істер министрлігі
   топтардың қызметтерін реттейтін     дейін
   Қазақстанда қолданылып жүрген
   шарт-құқықтық база туралы ресей
   тарапын хабардар ету

---------------------------------------------------------------------

22 Комиссияның бесінші мәжілісі     2000 жылдың   Экономика министрлігі
   қарсаңында Үйлестіруші кеңестің  1 қазанына
   мәжілісін өткізуге дайындық        дейін

---------------------------------------------------------------------

4. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның 2000 жылғы іс-қимыл бағдарламасы бойынша

---------------------------------------------------------------------

23 Комиссияның 2000 жылғы іс-қимыл  Тоқсан сайын  Сыртқы істер министрлігі
   бағдарламасының орындалу бары.
   сына бақылау жасау және нәти.
   желері туралы Комиссияның қазақ.
   стандық бөлігінің төрағасын
   хабардар етіп отыру

---------------------------------------------------------------------

5. Жекелеген шұғыл мәселелер бойынша

---------------------------------------------------------------------

24 Қазақстан Республикасының Үкі.   Тұрақты       Қаржы министрлігінің
   меті мен Ресей Федерациясы Үкі.              Мемлекеттік мүлік және
   метінің арасындағы Қазақстан               жекешелендіру комитеті
   Республикасының аумағында орна.

ласқан "Прикаспийбурнефть"
Ресей мемлекеттік өндірістік
бірлестігінің мүлкіне қатысты
меншік құқықтарын реттеу туралы
2000 жылғы 15 ақпандағы келісім
бойынша Тараптардың міндеттеме.
лерін орындауына бақылау жасау

---------------------------------------------------------------------------

25 Ертіс өзені бассейнінің металл 2000 жылдың Табиғи ресурстар және
сынабымен ластануы проблемасы 1 шілдесіне айналадағы ортаны қорғау
жөнінде қазақстан-ресей консуль. дейін министрлігі, Павлодар
тацияларын өткізу және белгілен. облысының әкімі
ген тәртіппен ұсыныстар енгізу

---------------------------------------------------------------------------

26 1. Ресей Федерациясы жалға алып 2000 жылдың Энергетика, индустрия
отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағы. 1 мамырына және сауда министрлігі,
на, Сарышаған полигонына және дейін Қорғаныс министрлігі
"Балқаш" радиолакациялық станция.
сына электр қуатын, ресей-қазақс.
тан шекарасында оның орнын баса
тұру мүмкіндігін қоса алғанда,
кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз
ету тәртібін келісу
2. Осы объектілерге Қазақстан
Республикасының мемлекеттік
маңызы бар объектілері мәртебе.
сін беру туралы мәселені пысықтау,
апаттық сақталымнан төмен қысқар.
туға жатпайтын объектілерге электр
қуатын беру.
Осы мәселелер бойынша Комиссияның
қазақстандық бөлігінің төрағасын
хабардар етіп отыру.

---------------------------------------------------------------------------

27 "Шымкент қорғасын зауыты" ААҚ- 2000 жылдың Энергетика, индустрия
ның "Салайыр тау-кен байыту ком. 1 шілдесіне және сауда министрлігі,
бинаты" ААҚ алдындағы қарызы мә. дейін Әділет министрлігі
селесі жөнінде Комиссияның
қазақстандық бөлігінің төрағасына

келісілген ұсыныстар енгізу
----------------------------------------------------------------------
28 Қазақстан Республикасы мен Ресей 2000 жылдың   Сыртқы істер министрлігі,
   Федерациясының 2000-2002 жылдар. 1 мамырына    Ғылым және білім министр.
   ға арналған гуманитарлық саладағы   дейін      лігі, Мәдениет, ақпарат
   ынтымақтастығы бағдарламасының                 және қоғамдық келісім
   жобасын қараудың нәтижелері туралы             министрлігі
   Ресей тарапын хабардар ету
----------------------------------------------------------------------
29 Қазақстан-ресей шекарасында ал.  2000 жылдың   Сыртқы істер министрлігі,
   ғашқы кезекте орнатылу ұсынылып  15 наурызына  Ұлттық қауіпсіздік коми.
   отырған 68 өткізу пунктінен тұра.   дейін      теті (келісім бойынша),
   тын тізбені келісу, оның ішінде                Мемлекеттік кіріс минис.
   38 көп жақты (20 - теміржолдық                 трлігінің Кеден комитеті,
   және 18 - автомобильдік) және                  Көлік және коммуникация.
   30 екі жақты (2 - теміржолдық және             лар министрлігі
   28 - автомобильдік). Келісудің
   нәтижелері туралы Комиссияның
   қазақстандық бөлігінің төрағасын
   хабардар етіп отыру
----------------------------------------------------------------------
30 Қазақстан Республикасы мен Ресей 2000 жылдың   Сыртқы істер министрлігі,
   Федерациясының арасында жасалған қазаны        Әділет министрлігі,
   мемлекетаралық және үкіметаралық               Экономика министрлігі,
   шарттарды, келісімдер мен прото.               Ауыл шаруашылығы министр.
   колдарды түгендеу және Комиссия.               лігі, Қаржы министрлігі,
   ның қарауына қол қойылған құжат.               Білім және ғылым министр.
   тарды күшінде қалдыру, жартылай                лігі, Мәдениет, ақпарат
   қайта қарау немесе күшін жою қа.               және қоғамдық келісім
   жеттігіне қатысты ұсыныстар беру.              министрлігі, Көлік және
   Осы жұмыстың барысы туралы Комис.              коммуникациялар министр.
   сияның бесінші мәжілісінде баяндау.            лігі, Табиғи ресурстар
   Түгендеу аяқталғаннан кейін оның               және айналадағы ортаны
   нәтижелерін қалыптасқан тәжірибеге             қорғау министрлігі, Мем.
   сәйкес үкіметаралық протоколға қол             лекеттік кіріс министр.
   қою немесе тараптардың Сыртқы істер            лігі, Қорғаныс министр.
   министрліктері арасында нота алмасу            лігі, Ішкі істер минис.
   арқылы рәсімдеу                                трлігі, Еңбек және халық.
                                                  ты әлеуметтік қамтамасыз

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ету министрлігі |
| 31 | Моңғолиядан Қазақстанға Ресей аумағы арқылы мал айдап өту жолы туралы мәселені пысықтауға қатысты Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасын хабардар етіп отыру | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК